

Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіру қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 шілдедегі № 801 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 54) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіру қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылсын:

1) "Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері құрылмаған елді мекендердегі өртті сөндіру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы № 542 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 22, 248-құжат):

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 1068 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 36-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 43, 492-құжат):

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К.Мәсімов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2014	жылғы	19
№	801	қаулысымен
бекітілген		

Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіру қағидалары

1. Осы Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіру қағидалары дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттердің алдын алу және сөндіру жұмыстарын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіруді тиісті аумақтағы жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

3. Өрттерді байқаған кезде жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік өртке қарсы қызметке хабарлайды және өрттерді сөндіруге өртке қарсы ерікті құралымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жаратқандыру қағидаларына сәйкес құрылған өрт сөндіру бекеттерінің күштері мен құралдарын тартуды ұйымдастырады.

4. Ерікті өрт сөндірушілерді жинау тәртібі мен оларды өрт орнына жеткізу тәсілін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша өртке қарсы ерікті құралымның басшысы айқындайды.

5. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің күштері мен құралдары келгенге дейін жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақта:

1) өрттер туралы барлық келіп түсетін ақпаратты жедел тексеруді және жинауды қамтамасыз етеді;

2) шыққан өрттер, олардың ықтимал таралуы туралы халықты уақтылы хабардар етуді, сондай-ақ олардың салдарын шектеу жөнінде қажетті шаралар қабылдауды жүзеге асырады;

3) өрт орнындағы жағдайдың барлық өзгерістері туралы жақын орналасқан мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерін уақтылы жедел хабардар етуді қамтамасыз етеді;

4) өрттерді сөндіру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері өртке келгенде өрт сөндіруге басшылық ету өртке қарсы қызмет гарнизонының аға лауазымды адамына жүктеледі.

7. Өрттерді сөндіру кезінде жергілікті атқарушы органдар тартылатын күштер мен құралдарын меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жанар-жағармай материалдарымен, тамақ өнімдерімен және

медициналық көмекпен қамтамасыз етеді.

8. Өрттердің алдын алуда және жоюда келісілген іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларын, сондай-ақ тиісті аумақтарда дала өрттері туындаған жағдайда жер пайдаланушыларымен бірлескен іс-қимыл жасау жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК